**МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «В» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы**
**3- апта ( Наурыз , 2022 жыл)**

**Бекітемін:**
**Оқу ісі жөніндегі орынбасары:** **Аманшеева А.Ж**

**Тәрбиеші: Махмут М.М**

**Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор »**

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 14.03** | **Сейсенбі 15.03** | **Сәрсенбі 16.03** | **Бейсенбі 17.03** | **Жұма 18.03** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау. Ата-аналармен кеңе кеңес, әңгімелесу.** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңертеңгі жаттығу кешені № 13 | | | | |
| **Ойындар, (үстел үсті, саусақ жаттығулары)** | **ә.с № 17 Картотека**<br>**Сөйлемді жалғастыр** | **т.с № 11 Каротека**<br>**«Жоғарыда–төменде, биік-аласа»** | **қ.с № 7 картотека.**<br>**Ойын: «Сиқырлы айна»** | **ш.с № 15 Картотека** | **ә.с № 11 Картотека**<br>**Кім жылдам?** |
| **Мектеп кестесі бойынша ҰОҚ** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы:** К дыбысы.<br>**ҰОҚ мақсаты:** К дыбысымен танысады, дыбыстардың әртүрлі айтылатынын ұғына алады, дұрыс жаза білуге қол моторикасын дамыта алады.<br>**Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:** «Жасырынған дыбыс»<br>**Шарты**:К дыбысын ажыратып, таниды<br>**Құрылымдалған ойын:“К дыбысы” Шарты**: Сөзде К дыбысын табуға, сипаттама беруге, орнын анықтауға үйрету<br>1.топ“Дыбыс қайда тығылды”<br>2топКел танысайық”<br>3. топ“Не артық”<br>**Еркін ойын:**<br>“Тез ойла,көп ойла ”<br>**Шарты**: К дыбысынан | 1.Математика негіздері. Тақырыбы: Заттың бірнеше тең бөліктері.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Затты бірнеше тең бөлікке бөлу арқылы «жарты» «үштен бір бөлік» «төрттен бір бөлік» ұғымдарын қолданады.<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын** «Бөліктен бүтін құра»<br>**Шарты**:Бөліктерді атау және бүтін мен бөліктерді салыстыру.<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>“Қонжықты тәтті тоқашпен қонақ етеміз”<br>**Шарты:**Бүтін өзінің бөліктерінен үлкен екендігін, бірдей сандардың өзара бірыңғай сәйкестігі, үлкен және кіші | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы:** К дыбысы.<br>**ҰОҚ мақсаты:** К дыбысымен танысады, дыбыстардың әртүрлі айтылатынын ұғына алады, дұрыс жаза білуге қол моторикасын дамыта алады.<br>**Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:“Суреттер сөйлейді”**<br>**Шарты:** Үлгі суретте бейнеленген суреттерге мұқият назар аударады.<br>**1-тапсырма:** Сөздегі К дыбысын ерекшеле,Сөздер Картоп,кітап,кеме,кесе.Әліппби мультипликациялық фильмнен үзінді қарайды.<br>**2-тапсырма:Дыбыс қайда тығылды.** Сөздегі дыбыстардың санын, орнын анықтайды.<br>**3-тапсырма:**Сөздерге дыбыстық талдау.<br>**Құрылымданған ойын:**<br>“Кірпі”колды жазуға дайындау<br>**Шарты:**.Жазу кезінде дұрыс отыру | **1.Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Тақырыбы:** Менің елімнің салт-дәстүрлері.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Қазақ халқының салт-дәстүрлерін сахналап көрсетеді, салт-дәстүрлерді құрметтеп, сол дәстүрге сәйкес айтылатын өлең жырларды, орынды қолдана алады.<br>**П.ж.ойын: «Қуыршақтың тұсауын кесеміз»**<br>**Шарты:**Қуыршақтың тұсауын кесу арқылы, балаларға насихаттайды.<br>**Құрылымдалған ойын: «Айтыс»**<br>**Шарты:** қыз бен ұл айтысып жарысады.<br>**Еркін ойын:** «Сәйкестендір»<br>**Шарты:** суретарқылы салт-дәстүрді ажыратып, сәйкестендіру. | **1.Өзін-өзі тану.**<br>**Тақырыбы:** Мен табиғаттың бөлшегімін.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Табиғатпен денсаулықтың үйлесімділігін түсінеді.<br>**П.ж. ойын:** «Табиғаттың бөлшегі» әңгіме<br>**Шарты:**Адам табиғаттың бір бөлшегі ,табиғаттың тазалығына көркейіп гүлденуіне оны қамқорлыққа алып аялауға, сақтауға адам жауапты Адам мен табиғат үндестікте өмір сүреді<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>«Табиғат және денсаулық.».<br>**Шарты;** Табиғат пен денсаулықтың үйлесімділігін біле отырып адам табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіну.<br>**Еркін ойын:** «Күн, ауа, су»<br>**Шарты:**Қимыл қозғалыстармен жасайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дыбысы” Шарты**: Сөзде К дыбысын табуға, сипаттама беруге, орнын анықтауға үйрету<br>1.топ“Дыбыс қайда тығылды”<br>2топКел танысайық”<br>3. топ“Не артық”<br>**Еркін ойын:**<br>“Тез ойла,көп ойла ”<br>**Шарты**: К дыбысынан басталатын сөз ойлап табу.<br>**«Екі жұлдыз, бір тілек»** бойынша күлегештер арқылы бағалау<br><br>**2.Жаратылыстану.**<br>**Тақырыбы:** Пайдалы қазбалар дегеніміз не?<br>**ҰОҚ мақсаты:** Балаларға пайдалы қазбалар туралы оның табиғаттың құрамдас бөлігі екендігі туралы түсіне біледі. Туған жерді қастерлеуге және қамқор бола алады.<br>**Педагог жетекшілігі мен ойын:** «Пайдалы қазбалар»<br>**Шарты:** Сұрақ-жауап.<br>**1**.Суретке қара. Машина, ұшақ неден жасалған? Олар жанармайсыз қозғала ала ма?<br>Темір кені, мұнай және көмір-бұлар-**пайдалы қазбалар.** | бөліктерді салыстыру.<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>“Қонжықты тәтті тоқашпен қонақ етеміз”<br>**Шарты:**Бүтін өзінің бөліктерінен үлкен екендігін, бірдей сандардың өзара бірыңғай сәйкестігі, үлкен және кіші бөліктерді анықтайды.<br><br>**Еркін ойын:** «Тәтті тоқашты бөл»<br>**Шарты:**Тәтті тоқашты төрт қонжыққа бірдей етіп бөліп беруді ұсынады.<br><br>2.**Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы**: Менің анам.<br>**ҰОҚ мақсаты**:<br>Наурыз айының үлкен мерекесі жайлы мәлімет алады. Аналарды сүюге тәрбилейді. Тілдерін дамыту , ой -өрісін байыта алады.<br>**Педагогтың жетекшілігімен ойын**<br>«Анамды құттықтаймын».<br>**Шарты:**Суреттерге қарап отырып қандай мерекенің келе жатқанын сұрау, анаңа арналғап ашық хат | Картоп,кітап,кеме,кесе.Әліппби мультипликациялық фильмнен үзінді қарайды.<br>**2-тапсырма:Дыбыс қайда тығылды.** Сөздегі дыбыстардың санын, орнын анықтайды.<br>**3-тапсырма:**Сөздерге дыбыстық талдау.<br>**Құрылымданған ойын:**<br>“Кірпі**”**қолды жазуға дайындау<br>**Шарты:**.Жазу кезінде дұрыс отыру ережелері,арқаның және қолдың позициясы.Дәптер мен қаламсапты дұрыс ұстау.<br>**Еркін ойын:** «Дыбысты ұста»<br>**Шарты:**Әртүрлі сөздер айтылады және «К» дыбысы бар сөздерді естігенде қол соғып, дыбысты ұстап алады..<br><br>**2.Көркем әдебиет.**<br>**Тақырыбы:** Көктем өлеңін жаттау.<br>ҰОҚ мақсаты: Көктем өлеңін мәнерлеп оқу,<br>сөздердің мағналарын түсіне алады .Өлең арқылы шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытады,көктем туралы өз ойларын қиялымен ашып айта білуге үйренеді.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын**<br>«Күн сен неге күлімдейсің»<br>**Мақсаты:** Көктем мезгілінде табиғатта болатын өзгерістер жайлы түсінік беру, «Күн сен неге күлімдейсің» тақырыбына әңгіме құрату.<br>**Құрылымдалған ойын** «Келе бер | насихаттайды.<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>**«Айтыс»**<br>**Шарты:** қыз бен ұл айтысып жарысады.<br>**Еркін ойын:** «Сәйкестендір»<br>**Шарты:** суретарқылы салт-дәстүрді ажыратып, сәйкестендіру.<br><br>**2.Денешынықтыру.**<br>**Тақырыбы:** Өз бетімізбен жаттығамыз.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Қозғалыс әрекеттерінің тиімділігін арттыруға жағдай жасайды. Допты себетке дұрыс лақтыруға, бастапқы қалыпқа тұруға, аяқты жазып барып допты лақтыруға дағдыланады.<br>**№ 1 тапсырма**<br>**«Кім зейінді?»**<br>Топ бойынша бір-бірінің артына, қатарынан тізбекке тізіліп тұру, шеңбер жасап тұру.<br>**құм салынған қапшық лақтыру**<br>Оң және сол қолмен (алға-артқа иықты белсенді қозғалта отырып) алысқа лақтыру.<br>Балаларға заттарды алысқа лақтырғанда жарақаттанып қалмау үшін сақтық шараларын ескертеді.<br>Лақтыру техникасына назар аударылады – қолды айналдыра отырып алдымен төмен, содан кейін толық | **Құрылымдалған ойын:**<br>«Табиғат және денсаулық.».<br>**Шарты;** Табиғат пен денсаулықтың үйлесімділігін біле отырып адам табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіну.<br>**Еркін ойын:** «Күн, ауа, су»<br>**Шарты:**Қимыл қозғалыстармен жасайды.<br><br>**2.Музыка.**<br>**Тақырыбы:** Көктем әндері.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын бере білуге дағдыланады. Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерн байланыстырады. Сезіммен ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып әндерді айтады.<br>**Музыка тыңдау: «Қараторғай»** (Ақан сері).<br>– Көктем шыға жыл құстары да жылы жақтан атамекеніне келе бастайды. Құстар сайрап, көктемгі көріністерге жан біткендей күйде болады. Көптеген әндер табиғатпен, тау-тас, өзен-сумен байланысты болса, енді біреулері табиғат аясында қанат қағып жүрген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Пайдалы қазбалар-**деп жер қойнауынан өндірілетін және адамзаттың қажеттілігі үшін пайдаланылатын тау жыныстарын атайды. Жанар жағай майлар мұнайдан алынады.<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>«Бұл не? Не үшін қажет?»<br>**Шарты:** Пайдалы қазбаларды атайды және олардың өзіне тән ерекшеліктерін айтады.<br><br>**3.Денешынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Арқанмен ойнау шынықтырады.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Белгілі бір деңгейге көтерілген арқандардың астынан өту мен арқанның үстінен секіріп өтудегі жоғары нәтижелерге жету үшін ең тиімді жолдарын таңдай білуге, арқанмен орындалатын әрекет түрлерін тез ауыстырып, қиындықсыз бір әрекеттен екінші әрекетке кірісіп кете алуға үйренеді.<br>**№1 «Ең жылдам»**<br>Бір қатарға арақашықтығы 70 см аралықта қойылған кедергі заттар арасынан жүгіру.<br>**№ 2тапсырма. «Ең пысық»**<br>Бір-бірінен 70 см аралықта | жасауды ұсыну, айтып түсіндіру.<br>**Құрылымдалған ойын:** «Анама сыйлық»<br>**Шарты:**Аналар мен әжелерге ашық хат сыйлықтарын ойлауы бойынша безендіруде жапырақтар мен гүлдерден өрнектер құрастырып жасырады.<br>**Еркін ойын:**<br>«Сиқырлы әуен»<br>**Шарты:**Аналарына арнап әуенге қосылып өлең айтып үйрену.<br><br>**3.Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:**<br>Қуыршақтың камзолы. (акварель бояуы).<br>**ҰОҚ мақсаты:** Қазақ оюларының элементтерімен қамзолды әшекейлеуді, түстердің үйлесіміне құрылған тапсырмаларды орындайды, сурет салу іскерлік-дағдыларын меңгере алады.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын**<br>«Әдемі қуыршақ»<br>**Шарты:**Слайд арқылы қуыршақ ойыншығы туралы түсінік беріп көрсетеді.<br>**Құрылымдалған** | көктем»<br>**Шарты:**Тәрбиешінің ұсынған тақырыбына сюжеттік және сипаттау әңгімелерін құрау кезінде меңгерген көркем - тілдік дағдыларын қолдана біледі .<br>**Еркін ойын**<br>«Гүлдер»<br>**Шарты:**Сурет бойынша әңгіме құрастыру..<br><br>**3.Орыс тілі.**<br>**Тақырыбы:** Времена года. Весна.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Обогащать словарь по теме, учить называть время года, признаки и месяцы, учить составлять рассказ по картине; закреплять умение правильно строить предложения, проговаривать звуки русского языка, развивать внимание, память; воспитывать желание наблюдать, делиться впечатлениями об увиденном.<br>**Педагог жетекшілігі мен ойын:** Азбука-тетрадь**.**<br>«Времена года. Весна»<br>Рассмотри картинку. Составь рассказ «Весна пришла» по плану: Назови время года.<br>Опиши весенние явления на картинке.<br>**Словарник:**<br>март, апрель, май.<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>«Весенние месяцы»<br>**Шарты:** Бірге жаттайды. | жазылғанға дейін артқа, иықты алға-артқа белсенді қимылдата отырып сермеу.<br>**«Балапандар» қимыл ойыны**<br>Балалар бір-бірінің артына тізбекке тұрып, бір-бірінің иығына қолдарын қояды да, жүргізушінің соңынан ереді. «Қара құс» деп белгі берілгенде ойын жүргізуші балапандарын өздеріне шүйліккен құстан қорғауға тырысады. Балалар тізбекпен жүргізушінің артынан бағытты өзгерте отырып түрлі бағытта қозғалады.<br><br>**3.Жапсыру.**<br>**Тақырыбы:** Қайыңдағы қараторғай ұясы.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Құстың ұясын және оның жеке бөліктерін қиып жапсырады. Қию, жапсыру тәсілдерін жетілдіреді, шығармашылық қабілеттерін арттырады. Құстарға қамқорлық жасайды.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын**<br>«Құстың ұясы» әңгіме<br>**Шарты:**Суреттер ді көрсете отырып әңгіме желісі бойынша құстардың пайдасы туралы айтып түсіндіру.<br>**Құрылымдалған ойын**:«Құстар біздің досымыз»<br>**Шарты:** Құстардың пайдасы туралы олардың табиғатты қорғаудағы бау бақщаны зиянды құрт құмырсқадан | құстарды әнге қосады. Міне, сол әндердің бірі – осы ән. Құстың шырылдаған үнін әнге қосқан.<br>**Ән айту:** өткен іс-әрекет кезінде айтқан әндерді еске түсіріп, қайталаймын. Ән айту кезінде ережелерді еске түсіріп, демді иықты көтермей алып, бойды тік ұстауды үйретемін.<br>**Ән үйрену: «Көктем»**<br>(Д.Гусинцев, Т.Исабеков).<br>Бұл әнде де құстың келуін, өлкенің жаңаруын, жеміс ағаштарының бүршік атып гүлдеген кезін жырлаған. Әнді орындап беремін. Балалардан әннің мазмұнын сұраймын. Мәтінді қайталап, әуенге қосылып үйретемін.<br>**Ойын: «Түлкі мен қаздар».**<br>Диалог түрінде түлкі бастайды, қаздар жауап қайтарады. Түлкі қаздарды қуады, алдарынан күшік шығып, түлкіні қуып, қаздарды кері қайтарады. Ойын өте көңілді ойналады.<br>**Би: «Апатайым-ай»** («Билеп үйренейік»). Түсініктеме бойынша қимылды үйретіп, әуенге ілесе би билетемін.<br><br>**3.Денешынықтыру.**<br>**Тақырыбы:** Жайлаудағы ойындар.<br>**ҰОҚ мақсаты:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орналасқан арқаннан қос аяқтап секіру. Нұсқау – демді іште ұстамай, жеңіл секіру, сол жақ пен оң жақтағы кедергі<br>заттардан айналып өтіп, өз тобына кері жүгіріп келу.<br>Екі аяқтап бар пәрменмен секіруге, жерге аяқтың ұшымен түсуге назар аударады.<br>**№3«Ең епті»**<br>Арқан тартысу арқылы жеңіске жетеді.<br><br>**4.Мүсіндеу.**<br>**Тақырыбы:** Әжемнің сандығы.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Балаларды мүсіндеудің тегіс нәрсеге бедерлі сурет түсіре біледі. Әртүрлі әдіс-тәсілдерді, геометриялық пішіндерді пайдалана отырып сандықты мүсіндеудің жолдарын үйренеді.<br>**П.ж.ойын:** «Дизаин шеберханасы».<br>**Шарты**:Суретке қарап отырып өзіне таныс заттарды айтқызу арқылы, сандықты сипаттап әрі әжемнің сандығын ою өрнек элементттерімен сәндеуді ұсыну.<br>**Құрылымдалған ойын:** **«Әжемнің сандығы»**<br>**Шарты:**Жиектеме өрнек, | **ойын** «Қуыршақтың шапаны»<br>**Шарты:**Қуыршақтың шапанының суретін салады.<br>**Еркін ойын**<br>«Қуыршақ комзолы»<br>**Шарты:**: Әдемі қуыршақпен ойнап өз қалаулары бойынша киіндіреді.<br><br><br>**4.В/К Ұлттық ойындар**<br>**Тақырыбы: «Асық ойыны»**<br>**Мақсаты: Балаларға асық туралы түсініктерін бекіту. Еңбексүйгіштікке, мәдениеттілікке, тәрбиелеу.**<br>**Педагог жетекшілігімен ойын**«Қара торғай»ертегісі<br>**Шарты:**Ертегі желісі бойынша сурет арқылы көрсете отырып ормандағы аңдарға қалай көмектесу керектігін айтып әңгімелесу.<br>**Құрылымдалған ойын**<br>«Табиғи материалдардан жұмыс: «Қара торғай»<br>**Шарты:**Табиғи | .К нам Синичка прилетела,<br>На окошке песню пела.<br>Вместе с ней капель звучит,<br>Значит, МАРТ в окно стучит.<br>.Звонких птиц заслышав трель,<br>Тёплый к нам спешит АПРЕЛЬ.<br>Словно мамину заботу,<br>Дарит радость он Еноту.<br>.Зайчик скачет, с ним Зайченок-<br>Он совсем ещё ребёнок.<br>Эй, зверушка, не скучай-<br>Я весёлый МАЙ.<br>**Еркін ойын:** «Прекрасная весна»<br>**Шарты:** Сурет салады.<br>**«Басмармақ»** әдісі.<br><br>**4.Музыка.**<br>**Тақырыбы:** Көктем әндері.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын бере білуге дағдыланады. Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерн байланыстырады. Сезіммен ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып әндерді айтады.<br>**Музыка тыңдау: «Қараторғай»** (Ақан сері).<br>– Көктем шыға жыл құстары да жылы жақтан атамекеніне келе бастайды. Құстар сайрап, көктемгі | тазартып адамға қандай пайдасы бар екенін біледі.<br>**Еркін ойын**<br>«Бұл қандай құс»<br>**Шарты:**Ерекшеліктеріне қарай құстарды сипаттап айтуға үйрету және оларды ажырата білу.<br><br>**4.В/К Ойламыз, ойнамыз**<br>**Тақырыбы: Теңге,монеталар**<br>**Мақсаты: Балаларға теңге,монета жайында алғашқы түсініктер беру.**<br>**Педагог жетекшілігі мен ойын:** «Орманшының баласы» М.Әбдірашаева. (балаларға мәнерлеп оқып беру).<br>«Орман-тоғайды қорғайық»<br>**Шарты:** Сұрақтарға жауап береді. Сурет бойынша әңгімелейді.<br>Суреттен балалардың қандай зиянды іс-әрекеттерін байқадыңдар? Орманға қандай қауіп төнді?<br>**Бірге жаттайық.**<br>Ормандар, жап-жасыл ормандар,<br>Орманды отаушы болмаңдар!<br>Отан мен орман жұп, бір ұғым,<br>Орманды, Отанды қорғаңдар!<br>**Құрылымдалған ойын:**<br>«Болады-болмайды» | 40-30-20 см биіктіктегі арқандардың астынан өту, 20-30 см биіктіктегі арқанның үстінен секіріп өтудегі жоғары нәтижеге жету үшін ең тиімді жолдарын таңдай білуге үйренеді.<br>1. Б.қ.: Фитболда ішпен жатып домалату (денемен толқынды қозғалыс, буындарды созу).<br>2. Буынды созу, бастапқы қалып: арқамен допта жатып майыстыру, арқамен допты домалату, допта жатқан қалыптан отырған қалыпқа көшу.<br>3. Б.қ.: ішпен жатып доп ұстап жүру.<br>4. Б.қ.: ішпен допқа жатып, қолды кезекпен жоғары көтеру, аяқты еденге тіреу, иілу – демді ішке тарту,<br>бастапқы қалыпқа көшіп демді сыртқа шығару **«тұзақ» қимыл ойыны**<br>Балалар екі шеңбер құрып тұрады. Ішкі шеңбердегі балалар қол ұстасып бір бағытқа, ал екінші шеңбер қарсы бағытқа айналады. Педагогтің белгісімен екі шеңбер де тоқтайды.<br>Ішкі шеңберде тұрғандар қолдарын көтеріп қақпа құрады. Қалғандары қақпа астынан өтіп, біресе шеңберге кіреді,<br>біресе жүгіріп шығады. Кенеттен ішкі шеңбердегі балалар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қоймүйізді жұп шиыршықтар, геометриялық өрнектерді қолдана біледі. Мүсіндейді.<br>**Еркін ойын:** «Жұбын тап»<br>**Шарты:** қима қағаздардан ою өрнектердің екінші жартысын табады. | материалдардан және табиғи және қалдық материалдармен жұмыс кезінде өз әрекетін жоспарлау арқылы шығармашылық , жұмыс жасай біледі.<br>**Еркін ойын:** «Сүйкімді құстар»<br>**Шарты:**Дайын болған жұмыстарымен ойнау. | көріністерге жан біткендей күйде болады.<br>Көптеген әндер табиғатпен, тау-тас, өзен-сумен байланысты болса, енді біреулері табиғат аясында қанат қағып жүрген құстарды әнге қосады. Міне, сол әндердің бірі – осы ән. Құстың шырылдаған үнін әнге қосқан.<br>**Ән айту:** өткен іс-әрекет кезінде айтқан әндерді еске түсіріп, қайталаймын. Ән айту кезінде ережелерді еске түсіріп, демді иықты көтермей алып, бойды тік ұстауды үйретемін.<br>**Ән үйрену: «Көктем»** (Д.Гусинцев, Т.Исабеков).<br>Бұл әнде де құстың келуін, өлкенің жаңаруын, жеміс ағаштарының бүршік атып гүлдеген кезін жырлаған. Әнді орындап беремін. Балалардан әннің мазмұнын сұраймын. Мәтінді қайталап, әуенге қосылып үйретемін.<br>**Ойын: «Түлкі мен қаздар».**<br>Диалог түрінде түлкі бастайды, қаздар жауап қайтарады. Түлкі қаздарды қуады, алдарынан күшік шығып, түлкіні қуып, қаздарды кері қайтарады. Ойын өте көңілді ойналады.<br>**Би: «Апатайым-ай»** («Билеп үйренейік»). Түсініктеме бойынша қимылды үйретіп, әуенге ілесе би билетемін. | **Шарты:** Сұрақ-жауап.<br>-Ағаштан не соғады және қандай бұйымдар жасалады?<br>-«Тұрмысқа қажет» деген оймен ағаштарды бейберекет кесе беруге бола ма?<br>**Еркін ойын:** «Ағаштарды таны»<br>**Шарты:** Орманда өсетін ағаштарды ата. Өзіңе ұнаған ағаштардың суретін сал.<br>**«Басмармақ»** әдісі. | қолдарын төмен түсіреді.<br>Шеңбер ішінде шығуға үлгермей қалып қойған балалар тұзаққа түскен болып саналады.<br>**«Алау маңында»**<br>Жайлауда – алау жанында демалып отырмыз деп елестетіңдер. Айналада тамаша табиғат, жылқы жайбарақат жайылып жүр, от шартылдап жанып жатыр. Жайлаудың үніне құлақ түріңдер. Қандай дыбыстарды сендер ешқашан естігілерің келмейді?<br><br>**4.В/К Логика әлемі**<br>**Тақырыбы: 5 саны мен цифры.**<br>**Мақсаты: 5 санымен және цифрымен таныстыру.**<br>**П.ж.ойын: «**Осы пішіндегі затты тап»<br>**Шарты:**қоршаған ортадан таныс геометриялық денелерді табу дағдысын түсіндіру<br>**Құрылымдалған ойын: «Ғажайып тапсырмалар»**<br>**Шарты:**Қарапайым мысалдар мен есептерді шеше білу дағдыларын біледі.<br>**Еркін ойын:** «Күрделі тапсырма»<br>**Шарты:**мысалдар мен есептерді шеше біледі. |

| **Серуен, бақылау** | Серуен № 4<br>Итті бақылау | Серуен № 5<br>Бұлттарды бақылау | **Серуен№6**<br>Қарды бақылау | Серуен № 7<br>Шырша ағашын бақылау | Серуен № 8<br>Су тамшыларын бақылау |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың даму картасы** | алуан түрлі заттарды жалпылайды және сипаттау | қозғалыс ойындарында ойын ережелерін сақтау | ана тіліндегі барлық дыбыстарды айта алу | жазық және көлемді геометриялық пішіндерді білу және атау | таныс материалдармен дербес эксперимент жасай алу |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Сандарды тура және кері санату.Ертегіні айтқызу. | Буынға бөліп оқыту,дыбыстық талдау жасау. | ересектер мен жақындарына мейірімділік, сыйластықты білдірте алуды үйрету. | отбасы мүшелеріне өзінің жақсы көру сезімдерін білдіре білуді үйрету. | таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналату. |